

КӨРКЕМ МӘТІННІҢ АУДАРЫЛУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Базарбаева Айгерим

bazarbaeva_aigerim@mail.ru

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ Филология факультетінің
аударма теориясы және практикасы кафедрасының
магистранты, Нұр-Сұлтан, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі – Ә.Кызырова

Жалпы алғанда, аударманың басқа түрлері сияқты көркем шығармаларды аудару барысында да бірдей міндеттер тұр. Осылайша, көркем аудармада да аударма тілінің көмегімен түпнұсқада берілген ақпаратты бере отырып, мағынаны толық жеткізу болып табылады. Көркем аудармалардың ерекшеліктері және онымен байланысты мәселелер, ең алдымен, көркем мәтіннің өзіндік стилінің ерекшелігі көрініс табады. Г. Гачечиладзенің айтуы бойынша, көркем аударма дәлме-дәл, бірақ ақпаратты сөзбе-сөз жеткізе алмайтын, аудармашының өзіндік үлесімен жасалаған, түпнұсқаға ұқсас бір туынды деген тұжырым жасаған болатын. Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл екі қағиданы ұстана арқылы мәтінді түпнұсқаға ұқсатып, көркем және толық аударманы беруге болады. Алайда іс жүзінде бұл мүмкін емес, бір ойды екі тілде жеткізу, ол ең алдымен екі тілдегі өзіндік сөз орамдарының ерекшеліктері, әр тілдің өзіндік құралдары болғандықтан, дәлме-дәлдік пен көркем мәтінді жеткізуде ақпаратты беру тәсілінде қарама-қайшылықтар бар.

Бәріміз білетіндей, аударма сапасы көбінесе аудармашының өз алдына қойған мақсатына байланысты. Көркем мәтіндерді аудару барысында үш мақсатты қамтиды. Біріншісі – оқырмандарды автордың жұмыстарымен таныстыру, оқырмандар автордың тілін білмегендіктен өздері түпнұсқа тілінде оқи алмайды. Яғни, аудармашы оқырманды автордың шығармаларын және жеке стилімен таныстыру керек. Көркем аударманың екінші мақсаты - оқырмандарды басқа ұлттың мәдениетін, сол мәдениеттің ерекшелігін ұсыну. Үшінші – оқырманды кітаптың мазмұнымен таныстыру.

Бірінші мақсатты қоя отырып, аудармашы мәтіндегі «атмосфераны» қалыптастыруға және түпнұсқаны оқу барысында алған әсерін оқырманға беруге тырысады. Бұл үшін аудармашы белгілі бір ұлттық-мәдени айырмашылықтарды «тегістеуі» керек, аударманың түпнұсқа мәтіні секілді табиғи түрде қабылдайтындығын қадағалауы керек, оқырманның назарын беймәлім реалиялардан алшақ ұстауы қажет. Бұл жағдайда оқырман жазушының шығармашылығының толық бейнесін, оның жеке стилімен таныса алады, бірақ көркем мәтіндегі жазушының мәдениетінің толық бейнесін ала алмайды.

Аудармашы өзіне екінші мақсатты қоя отырып, аударманы түпнұсқа мәтініне толық сәйкестендіруге және оқырманға мәтінде кездесетін барлық реалияларды түсіндіруге, автор көрсеткен сол мәдениетке тән ерекшеліктерді жеткізуге тырысады. Елтану тұрғысынан алғанда аударманың бұл түрі оқырманға өзге елдің мәдениеті туралы оқырманды ақпараттандыру болып табылады, бірақ көркем шығарма оқырманына бұл жұмыс мүлдем басқа әсер қалдырады. Сонымен қатар, түпнұсқа мәтінін толықтай беру арқылы, аудармашы автордың жеке стилін және оның негізгі идеясын жеткізе алмайды.

Үшінші мақсатта бағытталған аудармада, аудармашы түпнұсқа авторы қолданған белгілі экспрессивті құралдардың функционалдық аналогтарын табуға тырыспайды, ол дегеніміз аудармашы өзінің назарын көркемдік жұмыс мазмұнында кездесетін ұлттық ерекшеліктерді жеткізу негізгі нысан деп қабылдамайды. Алайда, аудармашының бұл жұмысын көркем шығарма деп атауға болмайды. Өкінішке орай, соңғы уақытта көркем шығармалардың көркемдік емес аудармалары көбейіп жатыр.

Назарға алатын жайттардың бірі - кейбір аудармашылардың сөзбе-сөз аудармаға жүйенетіні. Әдетте, сөзбе-сөз аудару барысында аудармашы бір нақтылықты талап ететін жерде бәріне белгілі бір таныс сөзбен аударма салады. Бұл жердегі қателік сөздің аудармасын беру арқылы, түпнұсқада берілген сөздің семантикалық мағынасының жоғалуы, сөз

тіркестері, фразеологизмдер мен сан алуын идиомалар өзінің мағынасын жоғалтады.

Өздеріңіз білетіндей, көркем шығармаларды аудару кезінде біз, әдетте, аударма сапасының бірнеше санатын қарастырамыз, оның мазмұны екі негізгі ұғым арқылы анықталады: аударманың барабар болуы және аударманың эквиваленті. Көркем аударманың барабарлығы түпнұсқалық жұмыста көрсетілген авторлық идеяны толық түсіну, аударылған жұмыстың мәтінін көркемдік және эстетикалық бағдары, оқырманның ықтимал реакцияларын бағалау, яғни автормен бірдей мәдениеттің өкілдері секілді аударманы қабылдау [1, 147 б.].

Түпнұсқаның идеялық және тақырыптық фокусының ең нақты анықтамасынан басқа, аударманың авторы түпнұсқада берілген образдарды берудің қолайлы құралдарын таңдап, авторлық тілдің ерекшеліктерін көрсетуі керек. Сонымен қатар, өлеңдерді аударғанда, ритмиканы ұйымдастыру мен рифма жүйесін сақтау өте маңызды, бірақ іс жүзінде бұл әрдайым мүмкін емес [1, с.137].

Барабар аударма түпнұсқаның мазмұнын және формасын басқа тіл арқылы көрсету болып табылады. Барабарлық түпнұсқаға сәйкес дәлме-дәлдік пен эквиваленттілік деп түсінуге болады, барабарлыққа әдетте лексикалық және фразеологиялық, грамматикалық және стилистикалық ауыстырулар арқылы қол жеткізіледі, бұл өз кезегінде баламалы нәтиже береді. Аудармашы жасаған ауыстырудың арқасында түпнұсқаның барлық элементтерін аударуға болады. Аудармашының біліктілігі осы жерде көрініс табады. Дегенмен, кейде аударманың авторы белгілі бір элементтерді құрбанетуі керек, кейбір мәліметтерді тұспалдап немесе керісінше белгілі бір мәлідемелерді әсерлеп көрсетеді.

Осылайша «барабар аударма» ұғымы үш компоненттің ұштасуы болып табылады:

1. Түпнұсқа мәтінінің мазмұны дәлме-дәл және толық берілуі.
2. Мәтіндегі тілдің формасының жеткізілуі.
3. Аударма берілетін тілдің дұрыс қолдануы.

Барабарлық түсінігін анықтайтын жоғарыда көрсетілген компоненттер бір-бірінен бөлінбейтін бірлікті құрайды. Олар бір-бірінен ажырамайды, өйткені олардың біреуін бұзу екіншісін бұзуға мәжбүр етеді.

Аудармадағы эквиваленттік туралы айта отыра, В.В. Сдобниковтың анықтамасына сілтеме жасау керек, ол түпнұсқа мәтіндерінің және аударманың лингвистикалық жақындығын түсіндіреді.

А.Паршиннің айтуынша, екі тұжырымдаманы бөліп қарастыру керек: толыққанды түпнұсқалық эквиваленттілік - бұл екі мәтіннің екі тілдегі айырмашылықтарына байланысты нақты мағыналық жақындастық, аудармашылық эквиваленттікке байланысты айтатын болса ол - екі тілдегі мәтіннің мазмұны барынша ұқсас болуы.

А.Смирнов, өз кезегінде, көркемдік баламалы аудармалардың негізгі мақсаты түпнұсқа мәтіннің мазмұнының мағынасын, эмоционалдылығы мен сөйлеу құрылымын жеткізу болып табылады деп санайды. А. А. Смирновтың айтуынша, эквивалентті аударма түпнұсқа авторының идеясын максималды жеткізілген балама болып табылады, оқырманға идеологиялық және эмоционалдық әсер ету, автордың пайдаланған барлық бейнелерін ашу. Егер аударманың негізгі мақсаты басқа тілдің көмегімен түпнұсқаға ұқсас нысаны мен мазмұнын біріктіру болып табылса, алайда аударманың дәлдігі мұндай жағдайларда көрініс таба бермейді.

Көркем баламалы аударма мынадай талаптарға сай болуы керек:

1. Көркем баламалы аударма нақты бір мазмұнды болуы керек. Аудармашы оқырманға еңбектің авторының негізгі идеяларын, негізгі ұстанымдарын және мәлідемелерін сақтай отырып, жеткізуге тиіс. Сонымен қатар, аудармашы әр түрлі толықтырулар мен түсініктемелерден аулақ болуға тиіс, бұл да түпнұсқа мәтінді белгілі бір дәрежеде бұрмалайды.

2. Көркем баламалы аударма барынша ықшам болуы қажет. Аудармашы көп сөзді болмауы қажет, ол мәтіннің басты идеясын банынша ықшамдап және қысқаша түрде беруге тиіс.

3. Көркем баламалы аударма анық болуы керек. Алайда мынаны еске ала отырған жөн, аударманың ықшамды және қысқа болуы, мәтінді түсіндіруге және мағынаны беру кезінде оқырманға түсінбеушілік тудырмауы қажет. Аударылған мәтін тілдің ең қарапайым және айқын түрінде ұсынылуы керек. Аудармашы мәтінді қабылдауға кедергі ететін күрделі және екі түрлі мағынасы бар сөз жасамдарынан аулақ болуы қажет.

4. Көркем баламалы аударма әдеби болуы керек. Жоғарыда айтылғандай, яғни, қазақ әдеби тілінің жалпы қабылданған нормаларына толығымен сай болуы. Ағылшын және қазақ тілдерінің синтаксистік құрылымындағы елеулі айырмашылықтарға байланысты аударма түпнұсқалық форманы сақтап қалуды қиындатады. Сонымен қатар, түпнұсқа мәтінін берудің дұрыстығын арттыру үшін, аудару кезінде, аударылған сөйлемнің құрылымын қазақ әдеби тілінің жалпыға бірдей қабылданған нормаларына сәйкес өзгертуге, яғни жеке сөздер мен өрнектерді толығымен ауыстыру немесе қайта құру қажет. Бұл екі тілдегі сөздердің арнайы құрылымымен - сөйлемдегі сөз тәртібімен, тілдердің лексикалық құрамымен ерекшеленетін екі тілдегі жүйенің айырмашылығына байланысты.

Осылайша, көркем мәтінді аудару аудармашының бір мақсатпен шектелмей, әдеби туындыныға тән барлық ерекшеліктерін назарға алуын қажет етеді, бірақ жоғары сапалы аудармаға қол жеткізу үшін барлық қолжетімді әдістерді бірге қолдану арқылы ғана қол жеткізе аламыз деген қорытынды жасауға болады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Алексеев, М.П. Көркем шығармаларды аударудағы мәселелер./ Иркутск.: Академия, 1971 – 320б.
2. Аристов, Я.Б. Аударма негіздері/ М: Наука, 1959 – 367б.
3. Бархурдаров, Л.С. Тіл және аударма. / М.: Высш. школа, 1975 – 324б.
4. Виноградов, В.С. Көркем аудармада туындайтын лексикалық сұрақтар. / МГУ баспасы, 1978 – 350б.
5. Гарбовский, Н.К. Аударма теориясы/ М.: Ун-та баспасы, 2004 – 544б.